

Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын өсіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 20 мамыр N 547. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.06.25. N 787 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жалақы мен жасына байланысты зейнетақының ең төменгі жаңа мөлшерін белгілеу туралы" 1994 жылғы 12 сәуірдегі N 1651 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерінің ақшалай табысы (айлық ақысы) туралы" 1994 жылғы 18 мамырдағы N 530 қаулысына сәйкес белгіленген Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы 1994 жылғы 1 сәуірден бастап 2,5 есе өсірілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі